



«ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2021»

# ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ҚАУЫМ ҚҰРМЕТТЕЛГЕН КҮН

КЕШЕ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА  
ТЕАТРЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ  
КҮНІНЕ ОРАЙ «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ -  
2021» САЛТАНАТТЫ ШАРАСЫ ӨТТІ.  
САЛТАНАТҚА ОБЛЫС ӘКІМІ ГҮЛШАРА  
ӘБДІҚАЛЫҚОВА ҚАТЫСЫП, САЛА  
МАМАНДАРЫН КӘСІБИ  
МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.



– Бүгін ақпарат тасқыны алапат дәуірде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертепеген, қалам қасиетін ардақ тұтқан журналист қауымына жақсы тілек айту үшін жиналды. Бұрынғы мамыражай маусымда өңірдің тыныс-тіршілігін көпшілікке жеткізіп, маңызды қоғамдық міндетті атқарған сіздерге алғыс айтып, құрмет көрсету дәстүрге айналған еді. Бірақ жиі кездесіп, пікір алмасу мүмкіндігі шектелді. Төтенше жағдай кезінде дәрігерлер, күштік құрылымдармен бірлесіп сіздер де ең қиын сәттерде шынайы ақпарат тараттыңыздар. Сенсацияны мақсат тұтқан ақпараттың ақ-қарасын ажыратып, көрермен мен оқырманға дұрыс жаңалық тарату үшін тылбай еңбек еттіңіздер. Сол үшін де сіздерге Сыр жұртшылығы атынан зор ризашылығымды білдіремін, – деді аймақ басшысы.

Сыр баспасөзінің тарихы тамырын тереннен алады. 1925-1929 жылдары Қызылорда Қазақстанның астанасы болғанда Сыр өңірі мерзімді ұлттық басылымдарының қалыптасуы және шыңдалуы кезі болды. Сөз өнерінің майталмандары Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов осы өңірде журналистік қызмет атқарғанына тарих куә. Олардың ісін жалғастырушы қазіргі ұрпақ та облыстағы игі бастамаларды жедел ақпараттандырса, Сыр өңірінің көптеген түлектері республикалық және

шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында табысты еңбек етуде. Қазір облыста республикалық БАҚ өкілдіктері мен меншікті тілшілері жұмыс жасайды. Облыстық және аудандық басылымдардың басын біріктірген «Сыр медиа» ЖШС ақпарат айдынында желкенін керең газеттерге серпін берді. Өңір басылымдарының мүмкіндіктері артып, жаңаша форматпен шыға бастады. Аймақ тынысын айшықтауда «Qyzylorda» және «Қоғам ТВ» телеарналарының да өзіндік орны бар.

Шарада бірқатар БАҚ өкіліне Мемлекет басшысының Алғыс хаты, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі», Құрмет грамотасы, Қазақстан Журналистер одағының Құрметті журналисі атағы, облыстың Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты берілді. Сонымен қатар Сағитжан Бермағамбетов атындағы жас журналистер байқауының жүлдегерлері марапатталды. Марапат төрінен көрінгендердің қатарында әріптесіміз Еркін Шамшадин де бар. Ол жастардың арасынан

топ жарып, «Үздік мақала» аталымы бойынша жеңімпаз болды. Мерекелік шара концерттік бағдарламамен аяқталды. Бұл күні мереке иелеріне деген құрметтің ерекше болғанын айта кеткен жөн. Әсем безендірілген сахна мен арнайы әзірленген бейнеролик тілші жұмысының қаншалықты маңызды екенін айғақтап тұрды. Мерекелік концерт те, сый-сияпат та қалам ұстаған қауымның көңілінен шықты деген ойдамыз. **Аслан НҰРАЗҒАЛИ**  
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет)**

### СҰХБАТ



Тілшілік тірліктің қыр-сырына қаныққан аға буынның қашан да айтары бар. Алдыңғы толқынның қол жеткізген өмірлік тәжірибесі мен кәсіби кеңесі саланың салмағын еселеп ғана қоймай, жас тілші үшін де таптырмас ой-көмбеге айналары анық. Төл мерекеге орай «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағының иегері, ардагер-журналист, облыстық «Сыр бойы» газетінің бұрынғы редакторы Жұматәлі Әбіраманмен тілдесудің сәті түсті.

## «СЫН ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ЕМЕС, ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫҢ ӨЗЕГІ БОЛУЫ ТИІС»

2 БЕТТЕ

### ДЕНСАУЛЫҚ

### АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?



## ШЫҒЫСТА ДА БІР ЕЛ БАР ШҰҒЫЛАЛЫ

Қазақстанның қай өңірі болса да тарихқа, мәдениет пен әлеуметке сансыз бай. Жол түсіп барған аймақтан сізді қызықтырар дүниелер табылары сөзсіз. Әр өңірдің қызығы мен шыжығы, тарихы мен бүгінгі оқырман назарына ұсыну үшін арнайы «Атамекен, мен сені білемін бе?» айдарын аштық. Бүгін – Шығыс Қазақстан облысына ден қойып отырмыз. Суреттерге көз тастап, мақаланы оқып сол аймаққа сапар шегіп қайтыңыз, оқырман!

# COVID-19: “САРЫ АЙМАҚҚА” САҚТЫҚ ҚАЖЕТ

2020 жылдан бүгінге дейін өңірде коронавирус инфекциясын жұқтырған 7082 тұрғын тіркелген. 27 маусымның өзінде 28 адамнан КВИ анықталған. Соңғы уақыттағы аймақтағы эпидемиалық теріс нәтижеге өзгеріп, облыс «сары аймақ» тізіміне енген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жангелді Шайымбетов хабарлады.



Осы кезге дейін 94 процент науқас вирустан емделіп шыққан. Облыс бойынша инфекциялық стационарда – 225 науқас, реанимациялық төсек-орында – 24 науқас ем қабылдауда. Вакциналау науқасы бойынша бүгінде облыс тұрғындарына «Спутник V», «Hayat Vax», «QazVac-in» және «CogoVac» екпелері ұсынылған. Бұл вакциналардың көлемі коронавирусқа қарсы вакциналауға жататын контингентті барынша кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда облыста коронавирусқа қарсы вакциналауға 106 екпе кабинеті жабдықталған. Оның 91-і аудандарда орналасқан. Ал шалғайдағы елді мекен тұрғындарына, адам көп шоғырланатын сауда орындарында арнайы оқудан өткен маман мен тоңазытқышы бар жылжымалы егу пункттері жұмыс істеуде. Басқарма мәліметінше, 1 ақпанда басталған вакциналау науқанынан бері аймаққа 331920 доза вакцина жеткізілген. Қазіргі кезде облыстағы 20 медициналық мекеме егу жұмыстарын жүргізуде. Бүгінге дейін екпені І компонентін – 143949 адам, ІІ компонентін алғандар саны – 77109 адамды құрап отыр. Сонымен қатар баспасөз жиынында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабегенова №14 қаулы өз күшінде қала беретінін мәлімдеді. Дегенмен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында «үнділік» штаммның анықталуына байланысты алдағы уақытта жаңа қаулы қабылдануы мүмкін екендігін де тілге тиек етті. Себебі коронавирустың «Дельта» штаммы аса қауіпті және тез жұғатын болып саналады. Одан бөлек, өңірдің бас санитар дәрігері жыл басынан бері мониторингтік топ 335 карантин талаптарын бұзғандарды анықтағанын хабарлады.

«Ақмешіт-ақпарат»





